

Астана қаласы әкімдігінің №84 «Кәусар» балабақшасы МКҚК

Меңгеруші:

Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна

Туған жылы: 29.07.1977

БІЛІМІ: жоғары

Мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие»

Еңбек өтілі:22

Санаты: Басшы-менеджер

Педагогика магистрі

**Астана қаласы әкімдігінің «№84 «Кәусар» балабақшасы» МКҚК
ТӨЛҚҰЖАТЫ**

- 1.Білім беру ұйымының атауы:** №84 «Кәусар» балабақшасы МКҚК
- 2.Білім беру ұйымының ашылған жылы:** 2015 жыл
- 3.Мекен-жайы:** Астана қаласы, Есіл ауданы, Аль-Фараби көшесі 2
- 4.Оқыту тілі:** Қазақ
- 5.Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымының негізгі түрі:** оқыту мен тәрбиелеу
- 6.Қызмет бағыты:** Балаларды мемлекеттік тілге үйрету
- 7.Эксперименттік алаңның атауы:** «Балабақшаны көгаландыруда жүргізілетін ландшафттық зерттеулер»
- 8.Инновациялық жобалардың атауы:** «Балабақшада KIKUS әдістемесі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту (зерттеу) жолдары»
- 9.Жобалық қуат:** 295
- 10.Ғимарат түрі:** Мемлекеттік
- 11.Балалар саны:** 320
- 12.Басшы:** Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна
- 13.Байланыс телефоны:** 87782029777
- 14.Эл.пошта:** 84.kausar@inbox.ru
- 15.Ресми сайт:** Instagram:84kausar_balabakshasy
- 16.Әлеуметтік желілер:** YouTube:84 «Кәусар» балабақшасы
- 17.Балабақша миссиясы:** Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы жұмысын ұлттық құндылықтар мен заманауи тәрбие бағыттарына негіздей отырып, балаларға ана тілін еркін меңгертетін, сөйлеу мәдениетінің бастапқы негіздерін жақсы қалыптастыратын тәрбие мен кеңістігін құру.
- 18.Балабақшаның көрінісі:** Ұлттық құндылықтар негізінде, балалардың денсаулығын нығайту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру
- 19.Балабақшаның артықшылықтары:** Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында, «Арайлы Астана» саябағы бар
- 20. Балалар үшін қолайлы жағдайлар жасалған:** Балабақшада тегін бассейн, тұз шахтасы бар. Және арнайы үйірмелер қарастырылған: каратэ, хореогография, вокал, роботехника, шахматы.
- 21.Балабақшадағы кадрлық қамтамасыз ету:** 63
- 22.Әлеуметтік серіктестік:** Қаланың балабақшаларымен
- 23.Педагогтердің кәсіби өсуі:** Әр түрлі семинарларға, курстарға қатысуда

Біздің балабақшамыздың миссиясы

Мақсаты:

Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы жұмысын ұлттық құндылықтар мен заманауи тәрбие бағыттарына негіздей отырып, балаларға ана тілін еркін меңгертетін, сөйлеу мәдениетінің бастапқы негіздерін жақсы қалыптастыратын тәрбие мен кеңістігін құру.

Міндеттері:

1. Балалардың денесін шынықтыру мен денсаулығын нығайтуды оқыту процесі мен күн тәртібінің барлық кезеңдерінде дәстүрлі және инновациялық әдістер қолдану.
2. Отбасымен ынтымақтаса отырып, балалардың ана тілін жетілдірудің тиімді және ықпалды жолдарын ойластып, танымдық-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

«Табиғат-тал бесігім» мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру арналған дамытушы ойындар (әдістемелік құрал) авторлары: Кайыргалиева Б.Т, Ахметказиева С.А, Ахметжанова Г.Ж

Эксперименттік алаң бойынша

Астанамыздың 25 жылдығына орай, ата-аналар мен ұжымның ұйымдастыруымен, балалар мен қала тұрғындарының табиғатқа деген ерекше көзқарасын қалыптастыру мақсатында **«Арайлы Астана»** саябағының ашылу салтанаты өтті. 70-тен астам ағаш отырғызылып, балабақшамызға сый тарту етілді.

Балабақшада тәрбиешілердің мәртебесін арттыру мақсатында **«Тәрбие бағы»** ашылды. Алаңқайға 21-түп ақ қайың , 21-түп алма ағашы отырғызылды.

Ландшафт кабинеті ашылды, кабинеттің ішінде топтардың өз қолымен жасалған шығармашылық жұмыстары көрсетілген. Ландшафт бойынша «Логикалық ойын» бұрышы ашылды, эко үйшіктер жасалған, балаларға арналған өсімдіктер тақырыбы бойынша ойындары мен көрнекі құралдары көрсетілген.

20.04-21.05.2024 аралығында «Балабақшадағы ең әдемі күрке» байқауы өтіп жатыр. Ол байқаудың мақсаты балаларды туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ата-аналармен бірігіп жұмыс жасау арқылы балабақшаны көркейту.

2023-2024 оқу жылы «Балабақшада KIKUS әдістемесі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту (зерттеу) жолдары» жобасы бойынша жұмыс атқарылды.

KIKUS әдістемесі - бұл мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін дамытуға негізделген білім берудің инновациялық методикасы.

Инновациялық жоба негізінде, Лего- тіл дамыту кабинеті ашылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинеті, жоспар бойынша «Әжелер мектебі» жұмыс жүргізеді.

Балабақшада 25 педагог жұмыс жасайды. 15 тәрбиеші: 3 педагог-модератор, 1 педагог-зерттеуші, 2 жоғары санатты педагогтар. Арнайы мамандар: логопед , педагог-психолог педагог-модератор санаттары бар.

Биыл 2024 жылы, 14 педагог аттестациядан өтуде.

2023 жылы бос лауазымдық конкурсы бойынша, 3 тәрбиеші (1 педагог-модератор, 1 педагог-зерттеуші, 1 жас маман педагог) 1 дене шынықтыру нұсқаушысы жұмысқа қабылданды (екінші санат)

Шахмат кабинеті, Лего-тіл дамыту кабинеті,
ландшафтық дизайн кабинеті, ЭКО лаборатория,
«Жылжымалы кітапхана» зоналары, «Бестемше»
және «Асық» ұлттық ойындар үйірмесі

Балабақшаның жетістіктері 2024 жыл

Астана қаласы, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы

ДИПЛОМ ІІ ДӘРЕЖЕЛІ

**Балалар әдебиетін дамыту мақсатында Астана қаласы тұрғындары арасында
өткен**

Ертегі ел ертеңі» байқауында

**Б.Кайыргалиева «Саябаққа саяхат» атты авторлық экологиялық ертегісімен
қатысып, ІІ орынға ие болды.**

**І дәрежелі ДИПЛОМ Елордалық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына
арналған қалалық «Ертегілер елінде» байқауында «кірпінің орманға оралуы»
атты эко-мультипликациялық фильмді қойып, жүлдегер аттанды.**

**Астана қаласы әдістемелік орталығы, Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет
қалалық байқауының жеңімпазы «Кәусар» балабақшасының мектепалды топ
тәрбиешісі Ешназарова Лаззат Базаркельдиевна марапатталды.**

**«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және
қолдау орталығы**

ІІ ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар
республикалық байқауының қалалық кезеңінің жүлдегері №84 «Кәусар»
балабақшасының тәрбиеленушісі Жайық Карима**

Және тәрбиешісі Жанабылова Раушан Кабденовна марапатталды